



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 10 қыркүйегі

KASE биржалық нарықтың 2020 жылдың тамыз айындағы жұмыс қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2020 жылдың тамыз айының биржалық нарықтың жұмыс қорытындысы туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі тамыз айында 7 995 млрд тенге млрд теңгені құрады, шілде айымен салыстырғанда 6,8 % немесе 586,2 млрд теңгеге төмендеді.
- KASE Индексі мәні тамыз айында 1,2 %, 29,90 нүктеге өсіп 2 475,71 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын қаржыландыру 1,9 % немесе 332,4 млрд теңгеге артып, 17,9 трлн теңгені құрады.
- Саудаланған корпоративтік қарыз көлемі 4,1 % немесе 561,4 млрд теңгеге өсіп, 14,3 трлн теңгені құрады.
- 2020 жылдың тамызында KASE листингілеуден үш жаңа эмитенті өтті, оның ішінде KASE ресми тізіміне енгізілген алғашқы шағын қаржы компаниясы "ОнлайнКазФинанс" шағын қаржы ұйымы" ЖШС.
- 2020 жылдың 01 қыркүйегіндегі жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 182 эмитенттің 446 бағалы қағаздары тіркелген.
- 2020 жылдың 01 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 124 436 жеке шот тіркелді, ол өткен айға қарағанда 1 158 шотқа және 2020 жылдың басына қарағанда 6 741 шотқа артық.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2020 жылдың тамыз айында KASE келесі шаралар мен жобаларды жүзеге асырды:

- 2020 жылдың 27 тамызында KASE бес елдің ішінен алты биржаның қатысуымен "Орта Азия және Азербайжан капитал нарығы: үндеулер мен болашағы" атты онлайн-конференция өткізді.
- KASE Биржаның ақпараттық өнімін пайдаланушылары үшін "Web-Quotes" – сайтта нақты уақыт режимінде сауда-саттықты қарау электрондық төлем әдісін іске қосты.
- KASE ЖОО студенттері үшін теориялық және практикалық бөлімдерден тұратын "KASE сауда-саттық: А-дан бастап, Я-ға дейін" атты кешенді білім беру бағдарламасын іске қосты.
- 2020 жылдың 05 тамызында KASE Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, және Factcheck.kz ресурсымен және "MediaNet" МЦЖ медиа-мектебімен серіктесіп, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін "Қор нарығы: сауатты жариялаймыз" атты онлайн-семинар өткізді.

- 2020 жылдың 04 тамызында KASE "Эмитент күні" жобасы аясында инвесторлар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және БАҚ өкілдеріне арналған онлайн кездесу өткізді.
- 2020 жылдың 03 тамызында KASE қор нарығында биржалық сауда-саттықты жаңа ASTS+ клирингтік сауда жүйесіне ауыстырып, қор нарығының қаржы құралдары үшін орталық контрагенті болды.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Тамыз айының қорытындысы бойынша акциялар нарығының капитализациясы 1,9 % немесе 332,4 млрд теңгеге артып, 17,9 трлн теңгені (42,6 млрд USD) құрады. NOSTRUM OIL & GAS PLC компаниясында капитализациялаудың төмендеуі (-25,4 %) орын алды, ал өсім "БАСТ" АҚ (+127,5 %) байқалды.

Тамыз айының аяғында KASE сауда-саттық тізімінде 139 эмитенттің 123 акциялары орналастырылды, олардың ішінде үш шығарылымы листингтік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді. Тамыз айында KASE ресми тізіміне Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр) АҚ (жаңа эмитент) жай акциялары енгізілді.

2020 жылдың тамыз айында шілде айына қарағанда акциялармен сауда-саттық көлемі 4,3 есе немесе 37,2 млрд теңгеге өсіп, 48,5 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 2,4 млрд теңгені құрады, мәміленің орташа күндік саны - 859, бір мәміленің орташа көлемі – 2,8 млн теңге.

Инвесторлардың негізгі санаты арасында қайталама нарықта белсенді болғаны жеке тұлғалар, олардың шоттарына акциялармен мәмілелердің жалпы көлемінің 68 % келді. Брокер-дилерлердің үлесі 11,7 %, өзге институционалдық инвесторлар – 0,5 %, өзге заңды тұлғалар 19,7 %. Екінші деңгейдегі банктер (ЕБД) сауда-саттыққа 0,2 % келді. Бейрезиденттердің қатысуы 9,2 % бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

2020 жылдың тамыз айында KASE Индексі 1,2 % дейін немесе 29,90 нүктеге өсіп, 2 475,71 нүктені құрады (2020 жылы максималды мәні, 2019 жылдың 16 сәуірінен максималды мәні). Жыл басынан бері көрсеткішті өзгерту +3,5 %. Индекс акцияларымен мәміле көлемі тамыз айында 17,9 млрд теңгені құрады, ол шілде айындағы көрсеткіштен 133,4 % жоғары.

KASE өкілдік тізіміне кіретін акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Баға өзгеруі		
		01.07.2020	01.08.2020	шілде айында
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 913,99	3 089,00	+6,0%
"Қазақстан Халық жинақ Банкі" АҚ	HSBK	116,78	120,50	+3,2%
"Казатомпром" АҚ	KZAP	6 019,00	6 100,00	+1,3%
"Кселл" АҚ	KCEL	2 529,99	2 525,00	-0,2%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 710,00	1 704,92	-0,3%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	814,87	810,50	-0,5%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	230,00	228,15	-0,8%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	26 990,00	26 500,00	-1,8%

KASE Индексі өсімінің негізгі драйвері KAZ Minerals PLC жай акциялары болды, есептік кезеңде 6 % дейін қымбаттап, 3 089 теңгені құрады. Айдың соңғы сауда-саттық күнінде мыс өндіру компаниясы кезекті рет 2020 жылдың максималды мәнін жаңартуға мүмкіндік алды, сөйтіп, жыл басынан бері өсімді 17,4 % жаңартты, ал 2020 жылдың төменгі баға белгілеуі (16 наурызда) 101,9 % құрады. Лондон қор биржасында (LSE) эмитент акцияларының құны есептік кезеңде 7,3 % дейін өсіп, 580,60 британ пенсін құрады. Компания қағаздарының өсім триггерлері ең алдымен, мыс баға белгілеулерін белсенді қалпына келтіру және 2019 жылға әлеуетті төлем дивиденді болды. Сонымен қатар, өткен жылдың осы айымен салыстырғанда, шілде айында Қытай

экспортының 7,2 % өсуі тиімділігін көрсетті, ол әлемдегі ең ірі мыс тұтынушысы - ҚХР экономикасының неғұрлым жылдам қалпына келтіруге куә бола алады. COMEX биржасында мыс баға белгілеулері есептік кезеңде 6 % өсіп, оларға наурыз айының деңгейіне қайта түсуіне ықпал етті.

18 тамызда компания 2020 жылдың бірінші жартыжылдығына қаржылық нәтижесін ұсынды, оған сәйкес EBITDA көрсеткіші 2020 жылдың қаңтар-шілде айында 9,8 % төмендеп, \$559 млрд. құрады. Компания хабарламасында компанияға жалпы қаржылай құнын бір фунтқа \$0,137 төмендету және осы салада көрсеткішті бір фунтқа \$0,68 таза қаржылай құны бойынша алдыңғы қатардағы орнын сақтауы жайлы айтылады. Ағымдағы жылдың көктемінде мыс бағасының төмендеуі салдарынан топтың операциялық кірісі осы кезеңде 12,9 % азайып, \$357 млн. құрады. KAZ Minerals таза табысы 2020 жылдың қаңтар-шілдесінде 13,2 % азайып, \$197 млн. құрады. Эмитенттің хабарламасында сондай-ақ, COVID-19 тәуекелі сақталады, алайда KAZ Minerals бірінші жартыжылдықта өңдеу бойынша өндірістің жоспарлы көлемін өңдеу бойынша жақсы көрсеткіштерінен кейін өндірістің жоспарлы көлеміне қол жеткізуге жақын. Сондай-ақ, KAZ Minerals тобы 18 тамызда 2020 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша бір акцияға \$0,04 көлемінде аралық дивидендті төлеуді жоспарлап отыр, ол өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі төлем көлеміне ұқсас боп келеді.

Тамыз айындағы екінші үздік нәтиже "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ жай акциялары көрсетті, олар бір айда 3,2 % қымбаттап, 120,50 теңгені құрады. Бір айдың ішінде банк акцияларының бағасы бірден секіріп, 6 % көтерілді. Оқшау нарықтағы акциялардың құны ең алдымен, LSE ЖДҚ айырмашылығын орнынан келтіруге ұмтылды, оның бағасы сол кезеңде 5,4 % өсіп, 11,70 британ пенсін құрады (Ұлттық банктің ресми бағамы бойынша 28 тамызда бір акцияға 122,49 теңгені за құрады). 17 тамызда "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ 2020 жылдың алғашқы алты айында шоғырландырылған қаржылық нәтижесін хабарлады, оған сәйкес банктің таза табысы 16,5 % дейін азайып, 74,9 млрд теңгені құрады, көбінесе, несие шығыны бойынша шығынды арттыру есебінен. Банктің пайыздық кірісі бірінші жартыжылдықта 1,1 % артып, 359,9 млрд теңгені құрады, пайыздық шығыны, керісінше, 8,7 % артып, 151,4 млрд теңгені құрады. Таза пайыздық маржа 2020 жылдың қаңтар-маусым айларында жылдық 5,2 % құрады, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,1 %. 23 шілдеде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында қабылдаған шешіміне сәйкес, 19 тамызда Halyk Bank, 2019 жылға банктің жай акциялары бойынша өткен жылдың бөлінбеген таза табысынан бір жай акцияға 17,08 теңге көлемінде дивиденд төлем жасағаны туралы хабарлады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ

Корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі тамыз айында 4,1 % артып немесе 561,4 трлн теңгеге артып, 14,3 трлн теңгеге (34 млрд USD) жетті.

Тамыз айының соңындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде 70 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 262 шығарылымы болды. Есептік айда KASE ресми тізіміне үш эмитенттің корпоративтік облигациялардың үш шығарылымы енгізілді: "Транстелеком" АҚ, "ОнлайнКазФинанс" шағын қаржы ұйымы ЖШС, (жаңа эмитент), "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ шығарылымы.

Есептік кезеңде ресми тізімнен айналым мерзімі аяқталуына байланысты екі корпоративтік шығарылымы шығарылды: "ЭКОТОН+" АҚ және "Ақтөбе мұнай өңдеу" ЖШС.

KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні тамыз айында 7 базистік нүктеге өсіп, жылдық 10,99 % құрады.

Шілде айына қарағанда Биржадағы корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі 2,3 есе немесе 147,7 млрд теңге теңгеге өсіп, 257,5 млрд теңгені құрады. Орташа күндік сауда-саттық көлемі 12,9 млрд теңге, орташа күндік мәміле саны – 34, бір мәміленің орташа көлемі – 379,7 млн теңге.

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығында алты эмитенттің алты облигациялық шығарылымы жалпы сомасы 251,7 млрд. теңгеге орналастырылды, ол шілде айының көрсеткішінен 2,6 есе немесе 154,4 млрд теңгеге артық.

- "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Иптөкалық ұйымы" АҚ KZ2C00004349 (KZIKb29) отыз жылдық облигацияларын орналастырып, 480,0 млн теңге тартты;

- "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00004349 (KZIKb29) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі тиісінше жылдық 10,9871 % және өтеу мерзімі 2,6 жылдық орналастырып, 17,1 млрд теңге тартты;
- "КазАгроҚаржы" АҚ KZ2C00006781 (KAFIb10) облигацияларын жылдың өтеу кірістілігі жылдық 12,7 % және өтеу мерзімі 4,4 жылдық тартып, 1,6 млрд теңге тартты.
- "Байтерек девелопмент" АҚ KZ2C00006815 (BTDVb5) он бір жылдық облигацияларын өтеу кірістілігі жылдық 6,0200 % орналастырып, 200,0 млрд теңге тартты;
- "ОнлайнКазҚаржы шағын қаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00006299 (THLZb1) облигацияларын кірістілігі жылдық 19,00 % орналастырып, 1,9 млрд теңге тартты;
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ KZ2C00006922 (AGKKb14) он жылдық облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,7500 % орналастырып, 30,5 млрд теңге тартты,

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 5,5 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,2 %, басқа институционалдық инвесторлар – 13,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 80,1 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 0,5 % бағаланды.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі тамыз айында шілде айындағы көрсеткіштен на 53,4 % немесе 6,6 млрд теңгеге төмендеп, 5,8 млрд теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 0,1 %, брокер-дилерлердің үлесі – 28,2 %, басқа институционалдық инвесторлар – 56,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 3,4 %, жеке тұлғалардың үлесі - 11,6 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 2,4 % бағаланды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

Тамыз айының қорытындысы бойынша Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналдық құны бойынша сомасы 3,5 % немесе 529 млрд теңгеге өсіп, 15,6 трлн теңгеге (37,2 млрд USD) өсті.

Тамыз айында KASE МБҚ сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 37 % немесе 238,7 млрд теңгеге төмендеп, 406,5 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың сегіз айында МБҚ нарығы көлемі 2019 жылға қарағанда жиынтық көрсеткішінен 2 есе артық. Алдыңғы жылға қарағанда өсім алғашқы сияқты, сондай-ақ МБҚ қайталама нарығында байқалады.

Сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі 20,3 млрд теңге болды (қайталама нарықта – 2,4 млрд теңге); орташа күндік мәмілелер саны – 6 (қайталама нарықта – 3); бір мәміленің орташа көлемі - 3,7 млрд теңге (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 757,3 млн теңге).

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 358 млрд теңгені құрады, шілде айындағы көрсеткіштен 23,1 % төмен. Олардың ішінде 203 млрд теңге 14 облыстың әкімдіктері және Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қаласының әкімдіктері "Жұмыспен қамту 2020–2021 ж" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында тартты. Қаржы министрлігі 155 млрд теңге тартты, шілде айына қарағанда ол көрсеткіш 65,6 % төмен. Барлығы тамызда орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,52 % және 10,79 % төрт облигациялық шығарылымы орналастырылды: Сатып алушылар ретінде брокер-дилерлер қатысты, олардың үлесі 31,2 % құрады, өзге 0,9 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі 41,8 %, өзге заңды тұлғалар, үлесі 4 % асты және үлесі 57,3 % құрады. Алғашқы нарықта бейрезиденттердің үлесі 0,6 % құрады.

Тамыз айында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 73,1 % немесе 48,5 млрд теңгеге төмендеп, 358 млрд теңгеден 66,8 млрд теңгеге дейін жетті. 62,4 % немесе 30,2 млрд теңге – қайталама нарықтың жалпы сауда-саттық айналымынан МЕКАМ мәмілелеріне, 36,9 % немесе 17,9 млрд теңге – Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарын құрады. Қалған 1 % (343,2 млн теңге) аз көлемі Қазақстан Республикасының еурооблигацияларына және шет мемлекеттердің МБҚ облигацияларына келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 36,5 %, брокер-дилерлердің үлесі – 5,4 %, басқа институционалдық инвесторлар – 35,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 22,3 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1 % асқан жоқ. Резидент еместердің қатысу үлесі 8,2 % болады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 28 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

Есептік кезеңде KASE ресми тізіміне облигациялардың екі шығарылымы енгізілді: Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі. Олар KASE сауда-саттық жүйесінде 40 млрд теңге жылдық 11 % және жартыжылдық купонға 1 % маржамен 60 млрд теңге орналастырды. Жалпы орналастыру көлемі 100 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санатында ХҚО облигацияларының алғашқы нарығында ЕДБ үлесі 19 % құрады, өзге институциональдық инвесторлардың үлесі – 74 %, өзге заңды тұлғалар – 7,1 %. Бейрезиденттер сауда-саттыққа қатысқан жоқ.

Тамыз айында қайталама нарықта заңды және жеке тұлғалармен 15,2 млн теңгеге бір мәміле жасалды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҮЛДАРЫ

01 қыркүйектегі жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында тоғыз компанияның басқаруындағы 12 қаржы құралы болды.

Тамыз айында аталмыш секторға "Шығыс-Батыс" басқарушы компаниясы" АБК басқаруындағы "Алғашқы орналастыру қоры" (жаңа эмитент) жабық үлеспұл инвестициялық қорының RU000A101NK4 үлеспұлдары көрсетілді.

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 525,2 млн теңгені құрап, өткен жылдың шілде айымен салыстырғанда 118,4 млн теңгеге немесе 18,4 % төмендеді.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
FFIN_or	423,3	8
CSECFe	38,0	9
US_SPY_	31,9	61
CSECgm	25,6	9
IE_FXBF	6,4	64
	525,2	151

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 49,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 42,5 %, басқа институциональдық инвесторлар – 4,8 %, брокер-дилерлердің үлесі – 3 % болды.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2020 жылдың 01 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 124 436 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш алдыңғы айға қарағанда 1 158 шотқа және 2020 жылдың басына қарағанда 6 741 шотқа артты.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

2020 жылдың тамыз айында Қазақстан қор биржасында шет елдк валюталар нарығында KASE 30 мүшесі қатысты. Есептік кезеңде нарықта "Freedom Finance" АҚ және "CAIFC INVESTMENT GROUP" Ақ екі брокер қатысты, сауда-саттықтағы брутто айналымдағы қатысу үлесі 0,05 % құрады.

Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі шілде айында 935,2 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың көрсеткішінен 7,6 % немесе 66,1 млрд теңгеге артық. Орташа күндік мәмілелер саны – 46, 8 млрд теңге, бір мәміленің орташа көлемі – 95,1 млн теңге, бір мәміленің орташа күндік көлемі – 492 млн теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен айдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі,

бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валюта бірл.млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	2 198,1 (+6,3 %)	77,3 % (-1,9 %)	9 655 (+179)	417,87 – 420,11	420,11 (+0,5 %)
RUB/KZT	461,6 (+52,1 %)	16,2 % (+4,6 %)	106 (+16)	5,5676 – 5,7595	5,8249 (-1,7 %)
CNY/KZT	182,3 (-23,5)	6,4 % (-2,7 %)	59 (-40)	59,7200 – 61,1449	61,1449 (2,4 %)
EUR/KZT	2,6 (-3,2 %)	0,1 % (0%)	13 (+1)	492,14 – 496,90	494,84 (+0,004 %)

Тамыз айындағы келітірілген мәліметтерге қарағанда, теңге негізгі валюталарға қатысты әлсіреп, рубльге қатысты нығайды. Теңгенің әлсіреуіне мұнай құнының аздап өзгеруі мен АҚШ пен Қытай арасындағы қарым-қатынастың ушығуы ықпал етті, алайда ұлттық валютаға қолдау ретінде еліміздегі және әлемдегі арудың азаюы мен карантин шараларының әлсіреуі әсер етті. Ағымдағы айда теңге АҚШ долларына қатысты 0,5 % төмендеп, бір валюта бірлігіне 418 теңгеден 420,11 теңгені құрады. ТМД елдерінің арасында АҚШ долларына қатысты тамыз айында қазақстандық теңге (+0,5 %) қырғыз сомы (+2,2 %), ресей рублы (-0,5 %) және орын алды.

АҚША НАРЫҒЫ

Тамыз айының аяғында TONIA индикаторы (РЕПО мәмілелері ашылуы бойынша бір жұмыс күнінен орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 118 б.н. артып, шілде айымен салыстырғанда, жылдық 8,41 %-дан 9,59 %-ға жетті.

TWINA индикаторы мәні (РЕПО мәмілелері ашылуы бойынша мерзімі жеті жұмыс күніне орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 39 б.н. төмендеп, жылдық 9,47 % -дан 9,08 % -ға жетті.

Тамыз айының соңында бір күндік долларлық своп операцияларының кірістілігі SWAP-1D (USD) 8,11 %-дан 9,73 %-ға артып, 162 б.н. құрады. Екі күндік своп операцияларының кірістілігі SWAP-2D (USD) сондай-ақ, жылдық 8,76 % -дан 9,98 %-ға артып, 122 б.н. құрады.

KazPrime-3M (KZT) индикаторы тамыз айында ұсыным бойынша Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі дәлізінің жоғары шекарасы шегінде 10,5 % деңгейінде, сұраным бойынша Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі дәлізінің төменгі шекарасы шегінде 7,5 % деңгейінде өзгеріссіз қала отырып, тұрақтылығын көрсетті.

USD/KZT валюталық своп операциялары бойынша және бір жұмыс күніне ашылған, МБҚ автоматты репо операциялар бойынша орташа сараланған мәміле көлемі арқылы кірістңлңк мәнін көрсететін қаржы нарығының композиттік индикаторы MM_Index, 121 б.н. артып, жылдық 8,38 %-дан 9,59 %-қа дейін өсті.

Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттықтар көлемі 5 738,4 млрд теңгені құрады (шілде айында репо операцияларының көлемі 6 307,2 млрд теңге), өткен жылдың көрсеткішінен 568,7 млрд теңгеге немесе 9 % артық. Repo операцияларының орташа күндік көлемі 286,9 млрд. теңге болды, орташа күндік мәмілелер саны – 366, бір мәміленің орташа көлемі – 784,7 млн теңге.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы операциялардың сауда-саттықтар көлемі 20,2 % немесе 129,0 теңгеге төмендеп, 296,8 млрд теңгеге артып, 637,4 млрд теңгеден 508,4 млрд теңгеге жетті.

Операцияларының орташа күндік көлемі 25,4 млрд теңгені, орташа күндік мәмілелердің саны – 12, бір мәміленің орташа көлемі – 2,2 млрд теңгені құрады. Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 54,1 % (274,8 млрд теңге немесе 1,3 млрд) екі күндік валюталық своптардың нарығында (USDKZT_0_02) үлесінде болды, бір күндік валюталық своптардың нарығында бір күндік валюталық своп мәмілесіне (USDKZT_0_001) жалпы сауда-саттық көлемінен 41 % (208,5 млрд теңге немесе 0,997 млрд USD), бір айлық валюталық своп мәмілесіне сауда-саттықтың жалпы көлемінен 4,9 % (25,1 млрд теңге немесе 0,1 млрд USD).

Бір күндік валюталық своп операцияларының USDKZT-1D орташа күндік көлемі 10,4 млрд теңге екі күндік валюталық своп операциялары USDKZT-2D – 13,7 млрд теңге.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Биржалық нарықтың деривативтер секторында саудалауға, базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі, акциялардың жекелеген атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. Есептік кезеңде фьючерстермен мәмілелер жасалған жоқ. Қыркүйек айының басында деривативтер нарығының сауда-саттыққа қатысушыларының ашылған жайғасымдары болған жоқ, тамыз айында операциялар жүргізілмеді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технологияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрін көрсетеді.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін айқын инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне себептеседі.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.